

МРНТИ 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.41>

А.К. Сатова¹, Г.А. Момбиева², Г.И. Казахбаева³, А.О. Дуйсенбаева⁴

^{1,2,3,4} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Аталған мақалада қазіргі заман педагогтарының іс-әрекетіне психологиялық талдау жүргізілді. Мақалада педагог қызметінің мотивациялық құрамдас бөлігі және педагог қызметінің эмоционалдық құрамы егжей-тегжейлі қарастырылды. Педагог қызметінің әлеуметтік, эмоциялық және мотивациялық құрамдас бөліктерінің сипаттамасы психологиялық тұрғыда талданды. Қазіргі кезеңдегі педагогикалық қызметті жүзеге асырудың негізгі ерекшеліктері мен психологиялық құрылымдары көрсетілген. «Эмоционалдық қажу» синдромының мазмұны мен мән-мағынасы теориялық тұрғыда талданған. Педагогтарда «эмоциялық қажу» синдромының пайда болуы мен дамуына әсер ететін факторлар көрсетілген. Кәсіби жану синдромы жас педагогтарда байқалуда, мұны бастауыш мұғалімдердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығының жеткіліксіздігі проблемасымен байланыстыруға болады. Жас мұғалімдер арасында эмоционалды қажудың өте жоғары көрсеткіші тұрақты және кең талқыланатын жағдай болып табылады. Авторлар тарапынан аталған мәселе аясында психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың және т.б. ғалымдардың ғылыми теориялық тұжырымдамалары мен көзқарастары талданған.

Түйін сөздер: педагог, педагогикалық іс-әрекет, педагог қызметі, эмоционалдық қажу, кәсіби жану, жас мұғалімдер.

Satova A.K.¹, Mombieva G.A.², Kazakhbayeva G.I.³, Duisenbayeva A.O.⁴
^{1,2,3,4} Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL ANALYSIS OF ACTIVITY MODERN TEACHERS

Abstract

This article provides a psychological analysis of the activities of modern teachers. The article describes in detail the motivational component of the teacher's activity, the emotional component of the teacher's activity. Psychologically analyzed the characteristics of social, emotional and motivational components of the teacher's activity. The main features and psychological structures of pedagogical activity at the present stage are presented. The article theoretically analyzes the content and meaning of the "emotional burnout" syndrome. The syndrome of professional burnout is observed in young teachers, which can be associated with the problem of insufficient psychological training of teachers for pedagogical activity. A very high rate of emotional stress among young teachers is a stable and widely discussed situation. Within the framework of this problem, the authors analyzed the scientific and theoretical concepts and views of psychologists, teachers, sociologists and other scientists.

Keywords: teacher, pedagogical activity, teacher's activity, emotional stress, professional burnout, young teachers.

Сатова А.К.¹, Момбиева Г.А.², Казахбаева Г.И.³, Дуйсенбаева А.О.⁴
^{1,2,3,4} Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В данной статье проведен психологический анализ деятельности современных педагогов. В статье раскрыто содержание мотивационной и эмоциональной составляющей деятельности педагога. Психологически проанализирована характеристика социальных, эмоциональных и мотивационных компонентов деятельности педагога. Представлены основные особенности и психологические структуры осуществления педагогической деятельности на современном этапе. В статье теоретически проанализированы содержание и смысл синдрома "эмоционального выгорания". Синдром профессионального выгорания наблюдается у молодых педагогов, что можно связать с проблемой недостаточной психологической подготовки учителей к педагогической деятельности. Очень высокий показатель эмоционального напряжения среди молодых учителей является стабильной и широко обсуждаемой ситуацией. В рамках данной проблемы авторами проанализированы научно-теоретические концепции и взгляды психологов, педагогов, социологов и других ученых.

Ключевые слова: педагог, педагогическая деятельность, деятельность педагога, эмоциональное напряжение, профессиональное выгорание, молодые учителя.

Адамның ақпараттық қоғамдағы өмірлік іс-әрекетінде әлеуметтік-экономикалық шарттардың түбегейлі өзгеруі басқа да көптеген қызмет түрлері сияқты педагогикалық қызметтің мазмұны мен мінез-құлқын едәуір күрделендіре түсті. Ал бұл ХХІ ғасырдың әлемдік білім беру кеңістігінде айтарлықтай байқалатын бірқатар психологиялық мәселелердің туындауына себепші болды. Мұндай мәселелерге педагогтың кәсіби эмоционалды қажуы, тұлғаның кәсіби деформациясы және т.б. жатқызуға болады. Бұл заманауи педагогтың кәсіби қызметінің ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігін көрсетіп отыр.

Мақаланың мақсаты қазіргі педагог қызметінің біз бөліп алып қарастырып отырған негізгі әлеуметтік, эмоциялық және мотивациялық құрамдас бөліктерінің сипаттамасын психологиялық талдау болып табылады.

Оқыту пәні мұғалімнің кәсіби белсенділігі ретінде анықталатын педагогикалық іс-әрекет болды, онда оқушыларға әртүрлі әсер ету құралдарының көмегімен оларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері шешіледі.

Педагогтың түрлі дәуірдегі қызметінің мазмұны мен сипаты әр түрлі түсіндірілген. Адам іс-әрекетіне, соның ішінде педагогикалық іс-әрекетке алғаш рет талдау жасаған философиядағы іс-әрекеттік тәсілдің негізін салушы Аристотель болды. Ол өз талдауларын «Никомахова этика» және «Метафизика» ғылыми еңбектерінде көрсеткен. Аристотель өз қызметін адамның еркімен, ақылымен, жанымен байланыстыра отырып, баланың оқу іс-әрекетінің түсіну, үйрену, бағалау нәтижесіндегі педагогикалық еңбектен рахат алу қажеттігіне назар аударды.

Көріп отырғанымыздай, көне заманнан бері ғалымдар педагог қызметінің сипаты мен себептеріне назар аударған.

Қазіргі уақытта педагогика теориясы мен тәжірибесінде педагогикалық қызметтің келесі түрлері ерекшеленеді: оқыту, тәрбие, ұйымдастырушылық, насихаттау, басқару, кеңес беру-диагностикалық, өздігінен білім алу бойынша қызмет. Осы аталған барлық қызмет түрлерінің жалпы ортақ ұқсастықтары бар, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктері де жетерлік.

Іс-әрекет теориясына психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, кез келген іс-әрекет түрі мынадай құрылымнан тұрады:

- мотивациялық-бағдарлы буын, адам жаңа жағдайға бағдарланғанда алдына мақсаттар мен міндеттер қояды да, мотив пайда болады, бұл қызметке дайындық кезеңі;
- мақсатты іс-әрекеттерді қамтитын орталық, атқарушы буын: өз қызметі;
- бақылау-бағалау буыны.

Тиісінше, тұтас педагогикалық қызмет психологиясының үш компоненті бар:

- мұғалімнің педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді қоюы,
- оқушыларға әсер ету құралдарын таңдау және қолдану,
- өзіндік педагогикалық әсерлерді бақылау және бағалау (педагогикалық өзін-өзі талдау).

Педагогикалық қызметтің құрылымы мен өзіндік ерекшелігі осы қызметтің субъектісіне – мұғалімге қойылатын ерекше талаптарды негіздейді. Айта кетер болсақ, педагогикалық қызметтің сипатын және педагогқа қойылатын тиісті талаптарды анықтауға байланысты мәселелерді әзірлеуге қызығушылық Н. В. Кузьминаның және А.И. Щербаковтың жетекшілігімен Ленинградтық ғалымдардың зерттеулерінің арқасында ғылыми психология мен педагогика 20 ғасырдың 60-шы жылдары қайта жаңғырды [3-4].

Кейінірек осы зерттеулерге В.А. Слостениннің жетекшілігімен Мәскеу ғалымдары қосылды. В.А. Слостенин бастаған Мәскеу ғылыми мектебі мұғалімнің қызметіне сүйене отырып, педагогтың

профессиограммасын әзірледі, ол төрт бөлімді қамтыды: мұғалім тұлғасының қасиеттері мен сипаттамалары; психологиялық-педагогикалық дайындыққа қойылатын талаптар; арнайы дайындық көлемі мен құрамы; мамандық бойынша әдістемелік дайындық мазмұны [5].

Психолог В.А. Крутецкий жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің келесі құрылымын ұсынды:

1. Тұлғаның дүниетанымы (мұнда мұғалім-тәрбиешіге тән нанымдар, идеялар туралы айтылады; өзі тәрбиелі адам ғана тәрбиелейді; тәрбиешінің жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі және жоғары моральдық келбеті болуы керек, ең бастысы – басқа адамдарды жақсы көруі керек);

2. Педагогикалық қызметке деген оң көзқарас. Әңгіме тұлғаның педагогикалық бағыттылығы, өзін-өзі педагогикалық қызметке арнауға деген тұрақты ықыласы мен талпынысы ретіндегі педагогикалық бейімділігі туралы болып отыр; өз жұмысына немқұрайды қарайтын жақсы мұғалім бола алмайды; балалар педагогикалық қызметін сүймейтін немесе сүйе алмайтын мұғалімдерді қатесіз анықтайды);

3. Педагогикалық қабілеттер (табиғи алғышарттарға негізделі отырып, олар белгілі бір жағдайларда жүзеге асырылады немесе іске асырылмайды);

4. Кәсіби-педагогикалық білім, білік және дағды (мұнда оқытылатын пән мен оқыту технологиясы саласындағы білім туралы) [6].

Педагог В.А. Крутецкий және басқа да авторлардың педагогикалық қабілеттерге ерекше назар аударатынын атап өткен жөн. Ғалымдардың пікірінше, мұғалімнің кәсіби қызметінің табысы, көбінесе, педагогикалық қабілеттерге байланысты болып келеді.

Психологиялық ғылымда қабілет ретінде тұлғаның жеке психикалық қасиеттерін білдіреді, оның арқасында қандай да бір қызмет табысты жүзеге асырылады және аз еңбек шығынында үлкен нәтижелерге қол жеткізіледі.

Қазіргі уақытта педагогикалық қабілеттерге толық жүйелі түсінік Н.В. Кузьминаның тұжырымдамасында берілген (Кузьмина Н.В., 1990). Бұл тұжырымдамада барлық педагогикалық қабілеттер педагогикалық жүйенің негізгі аспектілерімен (жақтары) сәйкес келеді. Н.В. Кузьмина педагогикалық қабілеттерге осындай анықтама береді: бұл тұлғаға, құралдарға, педагогикалық еңбек жағдайына ерекше сезімталдықта және тәрбиеленуші тұлғасында ізделетін қасиеттерді қалыптастырудың нәтижелі модельдерін құрудағы жеке тұлғаның тұрақты қасиеттері. Сонымен қатар, автор қабілеттіліктің үш тобын бөліп көрсетеді: конструктивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық [7].

Ф.Н. Гоноболин жетістігі жоғары мұғалімдерге тән келесі қабілеттерді бөледі: оқушыны түсіну қабілеті; балаларға оқу материалын қолжетімді хабарлау қабілеті; оқушыларды қызықтыра білу қабілеті; адамдарды сендіру қабілеті, оларға оң тәрбиелік ықпал ету қабілеті; ұйымдастырушылық қабілеті; қажетті педагогикалық такт, балаларға талап қою және жеке көзқарас; өз жұмысының нәтижелерін, сондай-ақ қателіктер мен мүмкін болатын қиындықтарды болжау қабілеті; өз тәрбиеленушілерінің сапасын жобалау, олардың білімі; шығармашылық жұмысқа, оқу материалын жақсы және салыстырмалы түрде жеңіл меңгеруге және уақытында шығаруға мүмкіндік беретін қабілеттер [8].

Педагогикалық қабілеттер дамуға дейін және одан тыс дайын түрде берілмейтінін, бастапқыда деректер және индивидтің өзгермейтін қасиеттері болып табылмайтынын атап өткен жөн. Олар педагогтың кәсіби өсу процесінде қалыптасады.

Осылайша, қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық қабілеттерге мына қабілеттерді жатқызады:

- коммуникативтік – қарым-қатынасқа қабілеттілік, ынтымақтастық қабілеті;
- дидактикалық – білімді түсіндіру, беру, үйрету қабілеті;
- ұйымдастырушылық – оқушыларды әр түрлі қызмет түрлеріне тарту, оларда қызығушылық туғызу қабілеті;
- конструктивтік – оқу-тәрбие материалдарын іріктеу, композиция, жобалау, жоспарларды әзірлеу қабілеті;
- гностикалық – таным процесінен рахат алу, таным қабілеті;
- болжамдық – педагогикалық болжауды жүзеге асыру қабілеті, педагогикалық қызметтегі өзара іс-қимыл нәтижелерін болжау;
- перцептивті – баланың ішкі әлеміне ену қабілеті, оның жағдайын түсіну;
- экспрессивті – эмоционалды ашықтық қабілеті, эмоцияның жарқын және бағытты болуы, сөйлеу ырғағын меңгеру қабілеті, илгіштік.

Жоғарыда аталғандарға қоса, кейбір авторлар келесі қабілеттерді толықтырады:

- эмпатияға қабілеттілік (жанасу, басқа адамның уайымдауына сезімталдық);
- рефлексия қабілеті;

- оқыту және тәрбиелеу үдерістерін диалогтық интерпретациялау қабілеті;
- креативтілік - шығармашылыққа қабілеттілік;
- экстраверттілік – адамдармен қарым-қатынас жасаудағы ашықтық.

Сонымен қатар, авторлардың көпшілігі арнайы педагогикалық қабілеттер деңгейі өте тереңде, яғни мұғалім өз оқушыларының даму ерекшеліктері және осыған сәйкес өз қызметін қайта құру жылдамдығы туралы ала алатын ақпараттың жан-жақтылығында көрінеді деп санайды. Олар педагогикалық қабілеттерді жан-жақты зерттеу – жеке тұлғаның ақыл-ой, сезім және ерік-жігерінің қасиеттерінің көрінісі екенін көрсетті.

Көріп отырғанымыздай, кеңес педагогтары заманауи педагогтің қызметін талдау кезінде ескерілмейтін, бірақ педагог қызметіне қажетті кәсіби-тұлғалық қасиеттерді толық ашып көрсетті.

XXI ғасырда педагогикалық қызметтің мазмұны мен сипаты айтарлықтай күрделенді. Тиісінше, педагогикалық қызметтің психологиялық құрылымдары да кеңейеде.

Біздің бақылауымыз бойынша, қазіргі кезеңдегі педагогикалық қызметті жүзеге асырудың негізгі ерекшеліктері мынадай болды:

- заманауи мектептің білім беру үдерісіне интерактивті әдістер мен инновациялық технологияларды қарқынды дамыту және енгізу;

- білім беру құрылымы мен мазмұнын, білім сапасын бақылау және бағалау нысандарын белсенді жаңғырту, бұл өз кезегінде педагогтардың біліктілігін үздіксіз арттыруды және олардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін талап етеді;

- білім беру үдерісі субъектілерінің қарым-қатынасы мен коммуникациясы үдерістерін қарқындату;

- оқыту және тәрбиелеу процесінде қалыптасатын тұлғааралық қарым-қатынастардың эмоционалды қанықтығы.

Осылайша, қазіргі кезеңдегі педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен қызметінің жалпы ұғымына сүйене отырып, біз педагог қызметінің келесі құрауыштарын анықтадық.

Педагог қызметінің мотивациялық құрамдас бөлігі.

А.Н. Леонтьев авторы болып табылатын қызметтің психологиялық теориясына сәйкес, кез келген қызметтің бастапқы сәті мотив болып табылады. Мотив – бұл ең бастысы, бір қызметті екіншісінен ажыратады, яғни мотив қызметтің ерекше сапасын анықтайды. Мотив материалдық және мінсіз болуы мүмкін, бірақ ол әрдайым болуы керек, себебі іс-әрекет мотивсіз болмайды [9].

Осыған байланысты біздің міндетіміз – педагог қызметінің мотивациялық құрамын бөліп көрсету.

Педагог қызметі мотивінің құрылымына түрлі деңгейдегі мотивтер кіруі мүмкін. Олардың ішінде басымдық көрсететіндері: танымдық мотивтер, табысқа жету мотиві, өзін-өзі іске асыру мотиві және т.б. Бедел мотиві немесе материалдық мотивтер педагог мотивінің иерархиясында неғұрлым төмен орын алады, өйткені қазіргі қоғамдағы мұғалім мамандығы беделді немесе жоғары ақы төленетін мамандықтар қатарында емес. Сондықтан, біздің ойымызша, танымдық, табысқа жету, өзін-өзі іске асыру – педагогикалық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оған психологиялық дайындықты анықтайды.

Педагог қызметінің эмоционалдық құрамы.

Жоғарыда айтылғандай, мектеп мұғалімінің кәсіби еңбегі жоғары эмоционалдық жүктілігімен ерекшеленетіні белгілі. Мұғалім оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен қарқынды және тығыз қарым-қатынаста, кәсіби қызметтерді жүзеге асыру кезінде эмоционалды қанық атмосферада жұмыс істейді. Бұл ретте эмоциялар спектрі әртүрлі: бұл сәтті өткізілген сабақтың қанағаттануы және әріптестерінің мақтауларынан алатын ләззат және өз қамқорлығындағы немесе әріптестерінің табыстарынан қуаныш, бұзылған сабақтан реніш, содай-ақ оқушының сабаққа дайындалмауына байланысты өкініш, таңдаған мамандығының мақтаншы немесе оған деген реніш және т.б. болуы мүмкін [10].

Өз табиғаты бойынша объективті де, субъективті де болуы мүмкін мұғалім қызметінің барлық эмоциогендік факторларын атап көрсету қиын. Эмоциогенділік мұғалім еңбегінің табиғатына тән.

Эмоционалдық беріктікке сынау тек теріс ғана емес, оң сәттерді бастан кешкенде де орын алады. Сәттілік немесе сәтсіздік эмоциялары қазіргі уақытта диагностикалық статусқа ие болған «эмоционалды қажу» синдромының (МКБ – 10:Z73 – өз өмірін басқару қиындықтарына байланысты проблемалар) педагогикалық қызметте жаңа құбылыстың пайда болуы болып табылады.

XXI ғасырдың басында зерттеушілердің мәліметтері бойынша «эмоционалдық қажу» синдромы адамдармен жұмыс істейтін мамандардың 20%-ында байқалады. Адамдармен жұмыс істейтін мамандардың (соның ішінде мұғалімдер, психологтар, жаттықтырушылар, қызмет көрсету саласының

кызметкерлері және т.б.) кәсіби созылмалы жағдайының ерекше түрі ретінде «кәсіби қажу» синдромы ХХ ғасырдың соңында зерттеушілердің назарын аударды. Алғаш рет «қажу» (burnout) терминін американдық психиатр Х.Дж. Фрейденберг (1974) кәсіби көмек көрсету кезінде эмоционалды қанық атмосферада адамдармен (клиенттермен, пациенттермен, білім алушылармен) қарқынды және тығыз қарым-қатынаста болатын сау адамдардың психологиялық жағдайын сипаттау үшін ойлап тапқан болатын. Бастапқыда бұл термин өзінің пайдасыздық сезімімен өмір сүру, сарқылу жағдайы ретінде анықталды. Содан кейін «қажу» феномені нақтыланып, оның синдромы анықталды (Maslach, 1982; Perlman, Hartman, 1982) [11].

Заманауи зерттеулерге сәйкес, кәсіби қажу синдромына 35-40 жастағы мектеп мұғалімдері бейім болып келеді екен, яғни мұғалім жеткілікті педагогикалық тәжірибе жинақтаған уақытта, енді кәсіби салада күрт көтеруді күту керек, төмендеуде: жұмыс қабілеттілігі төмендейді, еңбек нәтижелеріне қызығушылық жоғалады, негативизм мен шаршау артады. Жоғары білікті тәжірибелі мұғалім кәсіби жарамсыз болып, соның салдарынан мектепті тастап кетуге, мамандықты ауыстыруға мәжбүр болған, сонымен бірге балаларды жақсы көрсе де, бұл жұмысты іш пыстырарлық деп санайды.

Айта кету керек, кәсіби жану синдромы жас педагогтардан да байқалып отыр, мұны бастауыш мұғалімдердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығының жеткіліксіздігі проблемасымен байланыстыруға болады.

Жас мұғалімдер арасында эмоционалды қажудың өте жоғары көрсеткіші тұрақты және кең талқыланатын жағдай болып табылады. Америка АҚШ-та, Австралияда және Ұлыбританияда жүргізілген зерттеулер жас оқытушылардың (Darling-Hammond, 2003; Feiman-Nemser, Carver, Schwillle&Yusko, 1999; Howard&Johnson, 2004; Ingersoll&Smith, 2003; Stoel&Thant, 2002) жоғары жетістіктерін растайды [12].

Болашақта кәсіби жану педагог тұлғасының тұрақты деформацияларында да көрінуі мүмкін, бұл оқу-тәрбие процесінің сапасына кері әсер етеді.

«Эмоционалды қажу» синдромының болуы ресейлік ғалым-психолог Т.В. Форманюк (1994) және Румянцева (1998) зерттеулерімен анықталды.

Қазіргі заманғы зерттеулер бойынша педагогтардағы ЭҚС (эмоционалды қажу синдромы) көріністері (жұмыс өтіліне байланысты):

- 50% -дан астам – 5-7 жылдан 7-10 жылға дейін жұмыс өтілі бар педагогтарда;
- 22% – 15 жылдан 20 жылға дейін;
- 8% – 1 жылдан 3 жылға дейін;

Тек 10 жылдық және одан да көп жұмыс өтілі бар педагогтардың 11%-ында ғана өзін-өзі реттеу мен психологиялық қорғаудың белгілі бір тәсілдері көрініс берді.

Біздің ойымызша, қазіргі мектеп жағдайында педагогтарда «эмоциялық қажу» синдромының пайда болуы мен дамуына әсер ететін факторлар саны айтарлықтай өсті:

- педагогтың өз кәсіби міндеттерін орындауда жоғары жауапкершілігі; жалпы алғанда, өзінің еңбегінің нәтижесі үшін әкімшілік, әріптестер, қоғам алдындағы жауапкершілігі;
- педагогикалық еңбектің эмоциогендігі;
- психоэмоционалды қызметтің созылмалы шиеленісі (проблемаларды белсенді түрде қою және шешу, ақпаратты тез есте сақтау және түсіндіру);
- жұмыс күнінің ауыр болуы;
- қызметке жоғары эмоциялық қосылу, артық эмоциялық жүктеме;
- жұмыс орнындағы қолайсыз әлеуметтік және психологиялық жағдайлар;
- өзінің кәсіби қызметіне шығармашылық қарым-қатынас қажеттілігі;
- оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын меңгеру қажеттілігі;
- оқу процесі мен алынған нәтижелердің арасындағы нақты байланыстың болмауы, нәтижелердің жұмсалған күштерге сәйкес келмеуі;
- қызметтің уақытша шектері (сабақ, семестр, жыл), қойылған мақсаттарды іске асыру үшін сабақ уақытының шектеулілігі;
- өз эмоционалды жағдайын реттей алмау;
- қызметті тұрақсыздандыратын ұйымдастыру (еңбекті анық емес ұйымдастыру және жоспарлау, жабдықтың жетіспеушілігі, жоғары талаптар);
- педагогикалық қызметтің ұйымдастырушылық сәттерінің «реттелмегендігі»: жүктеме, кесте, кабинет, моральдық және материалдық ынталандыру;
- оқушылармен, әріптестермен, әкімшілікпен қарым-қатынас жасаудың қиын жағдайларынан шығу және коммуникация дағдыларының болмауы;

• инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық қиын контингент (ерекше білім беруді қажет ететін балалар, дамуында ауытқуы бар, жүйке жүйесі және т. б.) және т. б.

Сондықтан, біздің ойымызша, педагог қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады:

- эмоциялық тұрақтылық,
- күмән, қорқу және т. б. еңсеру.

Ерік құрылымдары.

2015 жылы ЭБДҰ-да «Білім беру мен дағдылардың болашағы: білім беру-2030» жобасы іске қосылды, ол 2030 жылға қарай жақсы өмір сүру үшін қажет болатын дағдылар мен құзыреттіліктерді, құндылықтарды анықтауға және заманауи әлемнің сын-қатерлеріне сәйкес мектептегі білім беру шеңберін өзгертуге бағытталған. ЭБДҰ Білім беру бөлімінің директоры А.Шляйхер ХХІ ғасырда мектеп өткен жолды одан әрі жалғастыра алмайды деп есептейді: «...Бүгін, қарқынды экономикалық және әлеуметтік даму салдарынан мектептер оқушыларды әлі жоқ мамандықтарға, әлі ойлап таппаған технологияларға және біз әлі таппаған проблемаларға дайындау керек» [14]. ЭБДҰ «Білім беру мен дағдылардың болашағы: білім беру 2030» жобасында қазіргі мұғалімнің жұмыс жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- кернеудің шамадан тыс деңгейі және жұмыс көлемі, әсіресе оны орындаудың нақты мерзімдері кезінде;

- қайталаудың тым көп болуына байланысты жұмыстың монотондылығы;

- тиісті түрде бағаланбайтын, ерекше өнімділікті талап ететін шамадан тыс мазмұны бар жұмыстың көп сағаттық сипаты;

- басшылар тарапынан жұмыс мазмұнына сәйкес жетекшілердің адекватты мінез-құлқының болмауынан және т.б.

Сондықтан, біз мына сапаларды педагог қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деп есептейміз:

- стресс тұрақтылығы;

- қазіргі қоғамның тұрақты өзгеретін талаптарына тұлғаның психологиялық бейімделуінің жоғары деңгейі;

- өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу.

Ұйымдастыру құрылымдары.

Қазіргі мұғалімнің қызметі жоғары қысым мен жұмыс көлемінің шамадан тыс деңгейімен сипатталады, әсіресе тану мен оң баға жеткіліксіз болған кезде жұмысқа үлкен жеке ресурстарды салу; дене бітімі, жеткіліксіз демалу немесе қалыпты ұйқының болмауы; одан әрі кәсіби жетілдірусіз жұмыс істеу; тұлғааралық қарым-қатынастардағы шиеленіс пен қақтығыстар; әріптестерінің тарапынан жеткіліксіз қолдау көрсету; қарым-қатынастың когнитивті күрделілігі және т.б. өз кезегінде қазіргі мұғалімнің осы еңбек ерекшеліктері мынадай маңызды талаптарды анықтайды:

- коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер,

- өзара іс-қимыл стратегиясы және даулы жағдайлардан шығу сияқты ынтымақтастық.

Осылайша, қазіргі педагогтың қызметіне жүргізілген психологиялық талдау оның табысты орындалуын қамтамасыз ететін бірқатар негізгі құраушы бөліктерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аристотель. Никомахова этика // Сочинения. В 4-х т. – Т.4 / Вступ. ст. и примеч. И.Д. Рожанский / Аристотель. – М.: Мысль, 1981. – С.53-293.

2. Аристотель. Метафизика // Сочинения. В 4-х т. – Т.1 / Вступ. ст. и примеч. И.Д. Рожанский / Аристотель. – М.: Мысль, 1981. – С.63-367.

3. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. М.: Высшая школа, 1990. - 214с.

4. Щербakov А.И. Практикум по возрастной и педагогической психологии. – М.: «Просвещение», 1987 г.

5. Слостенин В. А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. - М., 1977.

6. Крутецкий В.А. Психология. – М., 1986.

7. Кузьмина Н.В. Способность, одаренность, талант учителя. - Л., 1985.

8. Гонаболлин Ф.Н. Психологический анализ педагогических способностей. – М., 1964.

9. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975.

10. *Форманюк Т.В. Синдром «эмоционального сгорания» как показатель профессиональной дезадаптации учителя. - Вопросы психологии – 1994. - №6. – С.57-64.*
11. *Maslach. С. Burnout: синдром выгорания <http://www.edinorog.boom.ru/psimaster/bornout.htm>*
12. *Gagné, M., Forest, J., Vansteenkiste, M., Crevier-Braud, L., Van den Broeck, A., Aspeli, A.K., ... Halvari H. (2015). The Multidimensional Work Motivation Scale: Validation evidence in seven languages and nine countries. European Journal of Work and Organizational Psychology, 24(2), 178–196.*
13. *Румянцева Е.Ю. Синдром эмоционального выгорания у учителей. - http://www.fortunecity.com/millennium/scooby/454/Vestnik/2/2_13.htm*
14. *<http://www.oecd.org/edu/school/education-2030.htm>*